

**"Қазақстан Республикасы Үлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі академиясының
кеуде белгілерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үлттық қауіпсіздік комитеті
Төрағасының 2016 жылғы 24 маусымдағы № 54 бүйріғына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2021 жылғы 14 сәуірдегі № 37/ке бүйріғы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 19 сәуірде № 22564 болып тіркелді

БҮЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасы Үлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі академиясының қеуде белгілерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2016 жылғы 24 маусымдағы № 54 бүйріғына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13999 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 9 тамызда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

бүйрықтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Үлттық қауіпсіздік комитеті Шекара академиясының қеуде белгілерін бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасы Үлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара академиясын бітіргені туралы қеуде белгісі осы бүйрыққа 1-қосымшаға сәйкес";

2) Қазақстан Республикасы Үлттық қауіпсіздік комитеті Шекара академиясының магистратурасын бітіргені туралы қеуде белгісі осы бүйрыққа 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.";

аталған бүйрыққа 1 және 2-қосымшалар осы бүйрыққа 1 және 2-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Үлттық қауіпсіздік комитетінің Кадрлар департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бүйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Үлттық қауіпсіздік комитетінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) Қазақстан Республикасы Үлттық қауіпсіздік комитетінің Заң департаментіне алғашкы ресми жарияланған күнінен бастап құнтізбелік он күн ішінде 1) және 2) тармақшаларында қарастырылған іс-шаралардың орындалғандығы туралы мәліметтерді жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрық лауазымды адамдарға оларға қатысты бөлігінде жеткізілсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы

К. Масимов

Қазақстан Республикасы

Ұлттық қауіпсіздік

комитеті Төрағасының

2021 жылғы 14 сәуірдегі

№ 37/ке бұйрығына

қосымша

Қазақстан Республикасы

Ұлттық қауіпсіздік комитеті

Төрағасының

2016 жылғы 24 маусымдағы

№ 54 бұйрығына

1-қосымша

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара академиясын бітіргені туралы кеуде белгісі



Бет жағы



Сыртқы жағы

Ескертпе:

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара академиясын бітіргені туралы кеуде белгісі жиегі күміс түстес көк түсті ромб, өлшемдері: биіктігі – 47мм., ені – 27мм., ортада жапсырылған;

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара академиясын бітіруші кеуде белгісінің негізгі мағынасын көрсететін элементтердің семантикасы:

ромб – жан-жақты белсенділікті білдіреді;

ромб алаңындағы көк түсті эмаль ой айқындылығын және дәстүрге адалдықты білдіреді;


ромб ортасында кескін тәріздес көлемді жапсырма, стильденген жеті бұрышты жүлдіздан тұратын күрең (қою қызыл) түсті алтын (сары) түске негізделген, сонымен қатар жеті доғал бұрышты шуағы бар.

Жақұтты жүлдіздың ортасында кіші қалқан орналасқан.

Көкшіл (көк) түсті кіші қалқан шеңбері бойынша, алтын (сары) сақиналы жиектелген, мемлекеттік тілде "НАМЫС, АЙБЫН, ОТАН" ұраны жазылған. Жазулар күміс (ақ) түсте орындалған.

Қалқанның ортасында көгілдір (көк) түстің үстіне алтын (сары) түсті киіз үй күмбезінің айшықты бейнесі – "шаңырак" орналасқан.

**Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара академиясын бітіргені туралы
кеуде белгісінің сызбалық бейнесі мен сипаттамасы**



бұйрығына
қосымша

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитеті
Тәрағасының
2016 жылғы 24 маусымдағы
№ 54 бұйрығына
2-қосымша

**Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара академиясының
магистратурасын бітіргені туралы кеуде белгісі**



Бет жағы



Сыртқы жағы

Ескертпе:

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара академиясының магистратурасын бітіргені туралы кеуде белгісі жиегі алтын түстес ақ түсті ромб, өлшемдері: биіктігі – 47мм., ені – 27мм., ортада жапсырылған;

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара академиясын бітіруші кеуде белгісінің негізгі мағынасын көрсететін элементтердің семантикасы:

ромб – жан-жақты белсенділікті білдіреді;

ромб алаңындағы ақ түсті әмаль бейбітшілік пен тазалықты білдіреді;

ромб ортасында кескін тәріздес көлемді жапсырма, стильденген жеті бұрышты жүлдіздан тұратын күрең (қою қызыл) түсті алтын (сары) түске негізделген, сонымен қатар жеті дөғал бұрышты шуағы бар.

Жақұтты жүлдіздың ортасында кіші қалқан орналасқан.

Көкшіл (көк) түсті кіші қалқан шеңбері бойынша, алтын (сары) сақиналы жиектелген, мемлекеттік тілде "НАМЫС, АЙЫН, ОТАН" ұраны жазылған. Жазулар күміс (ак) түсте орындалған.


Қалқанның ортасында көгілдір (көк) түстің үстіне алтын (сары) түсті киіз үй күмбезінің айшықты бейнесі - "шанырақ" орналасқан.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара академиясының магистратурасын бітіргені туралы кеуде белгісінің сыйбалық бейнесі мен сипаттамасы

Ромб алаңындағы эмаль ақ түсті

Киіз үй күмбезінің айшықты бейнесі - «шанырақ»

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Эмблемасы



Бекіткіші: бұранда арқылы

Негізі шығынқы, күміс түсті металл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК